



T

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№30 (1872) Жұма, 1-тамыз 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

➤ ҰЛТ МҮДДЕСІ

МАҒЫНАСЫ ТЕРЕҢ ТАРИХИ ОҚИҒА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасына ресми сапармен барды. Қасым-Жомарт Тоқаевты Анкарадағы Президент сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президентінің сапарына орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Сарайға келген сәтінде Мемлекет басшысының кортежін салт атты гвардия бастап жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайип Ердоған қарсы алды.

Екі елдің басшылары Құрмет қарауылының алдынан жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Одан соң мемлекеттер басшылары келіссөз жүргізді.

Келіссөз аясында президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту перспективасын жан-жақты талқылады.

Сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән берілді.

Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға дайын екенін растады.

Өзара келіссөздер мен Жоғары деңгейдегі стратегиялық экономикалық кеңестің 5-ші отырысынан кейін Қазақстан мен Түркия президенттері баспасөз мәлімдемесін жасады.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, Түркияға ресми сапармен келуге шақырып, қазақ делегациясына қонақжайлық көрсеткені үшін бауырлас түрік халқына және Президент Режеп Тайип Ердоғанға шынайы ризашылығын білдірді.

— Қос халықтың игілігі үшін түбі бір түрік еліне жасаған әр сапардың мән-маңызы ерекше. Президент Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен Түркия өзінің алтын ғасырлық белесін тарихи жетістіктермен қарсы алып жатыр. Еліңіз жаңа дәуірге нық қадам басты. Құрметті Президенттің халықаралық сахнадағы салиқалы саясатының арқасында Түркия әлемдегі беделді әрі ықпалды, шынайы құрметке ие мемлекетке айналды. Мұның түп негізінде түрік халқының бірлігі, даналығы және қайсарлығы жатыр. Осындай биік белестерді бағындыру — Президент Режеп Тайип Ердоған мырзаның қажырлы еңбегінің жемісі деп күмәнсіз айтуға болады. Қазақ азаматтары Президент Режеп Тайип Ердоғанды және бүкіл Түркия елін шын жүректен құрметтейді. Қазақстан Түркияның толайым табысына әрдайым қуанады. Болашағының жарқын болуын тілейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір екі елдің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке ұласқанына назар аударып, нәтижелі келіссөздер қос халық арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

— Біз бүгін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысын өткіздік. Өзара ықпалдастыққа тың серпін беретін басым бағыттарды қарастырдық. Түрлі саладағы байланысты жандандыратын маңызды үкіметаралық құжаттарға қол қойдық. Түркия — сауда-экономика және инвестиция саласындағы басты стратегиялық серіктесіміздің бірі. Осы орайда өзара тауар айналымын ұлғайту мәселесіне баса назар аудардық. Былтыр екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі 5 миллиард



доллар болды. Алдағы уақытта сауда айналымын айтарлықтай арттырамыз. Бұған әлеуетіміз жетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазір елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Олармен бірлесіп, құны 6 миллиард доллар болатын бірқатар жоба жүзеге асырылған. Бұл жобалар энергетика, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, медицина, туризм секілді маңызды салаларды қамтиды. Қазақстанның Түркияға салған инвестициясының көлемі 2,5 миллиард доллардан асты.

— Біз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайынбыз. Сондықтан Түркия компанияларын ұзақ мерзімге арналған ірі жобаларға атсалысуға шақырамын. Көлік-логистика саласындағы байланысты күшейтуге мүмкіндік мол. Біз елдеріміздің стратегиялық тұрғыдан ұтымды жерде орналасқанын барынша тиімді пайдалануымыз керек. Қазір Еуропа мен Қытай арасында құрлық жолымен тасымалданатын жүктің шамамен 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Осы ретте Транскаспий халықаралық көлік бағдарын, яғни, «Орта дәлізді» дамытудың мән-маңызы зор. Бұл — екі елдің мүддесіне сай келетін бастама. Қазақстан теміржолды жаңғырту, автокөлік жолдарын салу, сондай-ақ Каспий теңізінде кеме қатынасын жандандыру үшін инфрақұрылымды жетілдіру жұмысын қолға алды. Түрік инвесторларын осы жобаларға белсене қатысуға шақырамыз. Үкіметіміз Түркия кәсіпкерлеріне арнайы жеңілдіктер ұсынуға әзір, — деді Президент.

Келіссөз барысында тараптар энергетика саласының маңызына да арнайы тоқталды.

— Қазір Баку — Тбилиси — Жейхан құбыры арқылы жылына 1,4 миллион тонна қазақ мұнайы Түркияға тасымалданады. Біз оның көлемін арттыру мәселесін талқыладық. «Turkiye Petroluem» компаниясының Қазақстан нарығында жұмыс істеуге ниеті бар. Біз мұны құптаймыз. Энергия көздерін ертарлаптандыру, жаңа электр станцияларын салу және басқа жобаларды жүзеге асы-

ру үшін түрік компанияларының тәжірибесіне сүйеніп, инвестициялық мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделіміз. Ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыруға дайынбыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ауыл шаруашылығын тағы бір маңызды сала ретінде атады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Түркияның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау мәселесі жан-жақты талқыланып жеткізді. Қазақстан ауыл шаруашылығын цифрландыру, өнімділікті арттыру және өңдеу өнеркәсібін өркендету ісінде Түркияның жоғары технологиясын пайдалануға қызығушылық танытады.

Мемлекет басшысы Түркияның қорғаныс және әскери-техникалық бағыттағы зор жетістіктеріне назар аударып, Режеп Тайип Ердоғанды жақында IDEF 2025 халықаралық қорғаныс-өнеркәсіп көрмесінің сәтті өтуімен құттықтады.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында IT-технологияларды бірге дамыту мәселесіне айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы еліміздің аталған саладағы жетістіктеріне тоқталып, Қазақстан мен Түркияның IT саласындағы стратегиялық серіктестігін нығайтуға зор мүмкіндік бар екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мәдени-гуманитарлық байланыс — қазақ-түрік қатынасының алтын көпірі. Соның ішінде білім және ғылым саласының орны ерекше.

— Қазіргі таңда біздің 12 мыңнан астам студентіміз Түркияда, ал 300 түрік студенті Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Осыған қолдау көрсеткені үшін Түркия Президенті мен Үкіметіне ризашылығымды білдіремін. Ұзақ жылдан бері Түркістан төрінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанынан Түркияның озық білім ошақтарының бірі — Гази университетінің филиалы ашылмақ. Бұдан бөлек, «Маариф» қорының екі мектебін ашу жұмысын қолға алдық. Бұл — шын мәнінде, айтулы оқиға. Былтыр қол қойылған келісімге сәйкес, Астана медицина университетінің

негізінде Медипол Ыстанбұл жоғары оқу орнының филиалын ашу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Еліміздің медицина қызметкерлерін Түркияның жетекші клиникаларында оқыту және біліктілігін арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткіздік. Біз осы игі бастамаларды жалғастырып, білім беру, туризм, медицина саласындағы байланысты одан әрі күшейтуге мүдделіміз. Осы тұста сан қырлы байланыстарды тереңдету мақсатында Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз болу рұқсатын беру туралы шешім қабылданды. Саяхаттаушылар мен кәсіпкерлер үшін бұл қадамның мән-маңызы ерекше деп санаймын. Осындай игі бастамалар достығымызды бекемдеп, өзара сенімді арттырып, жаңа жетістіктерге жол ашады деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар екі ел президенттері әлемдегі өзекті мәселелерге қатысты пікір алмасты. Қазіргі күрделі кезеңде қарулы қақтығыстардың ушығуына алаңдаушылық білдіретіндерін жеткізді. Қазақстан мен Түркия президенттері барлық жанжал мен қақтығыс дипломатиялық келіссөздер арқылы бейбіт жолмен шешілуі қажет деп есептейді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанның Ресей мен Украина арасындағы жанжалды реттеу ісіндегі айрықша рөлін атап өтті.

— Бұл — Сіздің беделіңіз бен ықпалыңыздың айқын дәлелі. Қос елдің Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау қажеттілігі жөніндегі ұстанымы — ортақ. Қазақстан әрбір елдің аумақтық тұтастығы сақталуы керек деген ұстанымды қорғайды. Қазақстан мен Түркия халықаралық аренадағы тиімді ықпалдастығын жалғастыра береді. Қазақстан дипломатиясы Түркі мемлекеттері Ұйымының одан әрі дамуына баса мән бермекші. Осы бағытта Түркия тарапымен бірлесіп жұмыс істей береміз. Жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күш-жігерімізді біріктіреміз. Осы тұста Қазақстанның халықаралық бастамаларына көрсетіп жатқан қолдауына, соның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті дамытудағы Түркияның үлесіне ерекше ризашылық білдіремін, — деді Мемлекет басшысы. Өз кезегінде Түркия Президенті келіссөздердің нәтижелі болғанын атап өтті.

— Қазақстан — аймақтағы экономикасы ең ірі ел және біздің негізгі серіктесіміз. Бүгін біз қорғаныс пен энергетикадан бастап, көлік, ғылым мен технологияға дейінгі кең ауқымды салалар бойынша пікір алмастық. Біз тау-кен, сирек кездесетін металдар бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырдық. Қазақстан мұнайын Түркия арқылы әлемдік нарыққа экспорттау мүмкіндіктерін талқыладық. Тарихи Жібек жолының қазіргі баламасы — Транскаспий көлік бағдарын пайдалану және дамыту жолдарын қарастырдық, — деді Режеп Тайип Ердоған.

Бұдан бөлек, Түркия Президенті туризм саласындағы ынтымақтастық перспективасына тоқталып, түрік азаматтарына Қазақстанда 90 күн визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылдағаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдірді.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздердің табысты өткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтып, Түркия Президентін өзіне ыңғайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

www.akorda.kz

12 МЕДИЦИНА НЫСАНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Алакөл ауданының Достық ауылындағы 600 орындық «Келешек мектебі» жаңа оқу жылында қолданысқа беріледі. Сонымен қатар Ұшарал қаласында оқушы орнының тапшылығы мәселесін шешу үшін 600 орындық мектеп құрылысының жобасы даярлануда. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданы тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды.



Өңір басшысының айтуынша, ауданда денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсарту бағытында өткен жылы 4 нысан – Қамысқала ауылында дәрігерлік амбулатория, Арқарлы, Қоңыр және Бибақан ауылдарында 3 блокты-модульді медициналық пункт қолданысқа берілген. Биыл 12 денсаулық сақтау нысанын іске қосу жоспарланған, оның 9-ы «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынуда.

- Медицина нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға да көп көңіл бөлініп келеді. Осы жылы ауданға 3 санитарлық автокөлік сатып алынып, Бұлақты, Теректі ауылдары мен Ұшарал қаласына берілді. Сондай-ақ аудандық орталық ауруханаға сандық маммограф, С-тәрізді доғасы бар электронды-оптикалық түрлендіргіш, рентгендік цифрлық тұрақты аппарат сияқты заманауи медициналық құрал-жабдықтар сатып алуға қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге конкурстар аяқталды, жабдықтар қазан айына дейін жеткізіліп, орнатылады, - деді Б. Исабаев.

Осы ретте ауданға өткен жылы жұмысқа

келген 9 дәрігерге 80 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз көтерме жәрдемақы төленгенін, сонымен қатар 7 дәрігерге Ұшарал қаласы мен Қабанбай ауылында тұрғын үй берілгенін де атап өтуге болады.

Облыс әкімі өз сөзінде спорт пен мәдениет салаларындағы қолдау шараларына да тоқталып өтті. Мәселен, 2024 жылы Достық ауылында 180 орынды дене шынықтыру сауықтыру кешені салынса, биыл Лепсі ауылында осындай кешен, 244 орынды жатақхананың құрылысы аяқталған, алдағы қыркүйек айында қолданысқа беріледі. Сол сияқты «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Екпінді, Көлбай ауылдарында мәдениет үйлері салынып жатыр.

Жалпы, 2024-2025 жылдары ауданға инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандарды салуға, қайта жаңғыртуға және жобалау жұмыстарына бюджеттен 41,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл облыстың аудандарға бөлген қаражатының ішінде ең ірі бюджеттердің бірі саналады және бұл қаражат халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталып отыр.

Облыс әкімі тиісті лауазымды тұлғаларға бюджет қаражатының уақытылы, сапалы игерілуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.



АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРҒА 40 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА КОРПУС

Талдықорғанда аутизм және басқа да менталды ауытқулары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы үш жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Жақында орталықтың қосымша 40 балаға арналған екінші корпусы ашылды.

Орталыққа балалар ПМПК-ның жолдамасымен және жеке оңалту жоспары бойынша қабылданады. Балалармен күніне төрт-төрт жарым сағат көлемінде сабақ өткізіледі. Мұнда дефектолог, логопед, тәрбиеші және мінез-құлықты түзетуге көмектесетін АВА терапиясы мамандары жұмыс істейді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Сәния Наурызбаеваның айтуынша, қосымша бөлімше арнайы көмекке деген сұраныстың артуына байланысты ашылып отыр. Бүгінде өңірде «аутизм спектрінің бұзылысы» (АСБ) диагнозы қойылған 460-тан астам бала мен жасөспірім тіркелген.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында осындай диагнозы бар балаларға ерекше көңіл бөліп, оларға арнап оңалту орталықтарын ашу қажеттігін айтқан болатын. Біздің өңірде бүгінде балаларға арналған жеті оңалту орталығы жұмыс істейді. Талдықорғандағы осы орталық үш

жыл бұрын ашылған. Облыс әкімдігінің қолдауының арқасында бүгін біз екінші корпусын пайдалануға беріп отырмыз. Аутизмі бар балаларға арналған орталықтың бұл филиалы ғимараттың жалпы ауданы – 580 шаршы метр. Біздің мақсатымыз – аутизмі бар балалардың өз әлеуетін ашуына көмектесу, оларды қоғамға бейімдеу, - дейді С. Наурызбаева.

Атап өтсек, бұл ғимаратта да негізгі корпустың сияқты медбике, дәрігер, дефектолог, логопед сияқты қажетті педагогикалық және медициналық мамандар жеткілікті. Және барлық қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Осы орайда Орталыққа келіп жүрген балалардың ата-аналары да пікір білдірді. Сегіз жасар Аңсар Берікжанның анасы Назгүл Серікова:

- Біз бұл жерде біраз уақыт оңалту шараларын қабылдадық. Соның арқасында ұлым мектепке барды. Биыл екінші сыныпқа көштік. Бұрын Аңсар атын атағанда мүлде қарамайтын. Қазір нақты ілгерілеу бар. Балаларға көрсеткен қамқорлықтары үшін орталықтың барлық қызметкерлеріне үлкен рақметімді айтамын! - дейді.

Қазіргі уақытта Талдықорғанға жақын орналасқан аудандарда тұратын осындай диагнозы бар балалардың тізімі жасалып жатыр. Жақын арада бұл балалар жаңа корпусқа қабылданатын болады.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

«ТАЛДЫҚОРҒАН - ҰШАРАЛ» МАГИСТРАЛДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫ



«Талдықорған - Ұшарал» магистралды газ құбырының құрылысы биылғы жылдың қыркүйек айында толық аяқталады. Соның нәтижесінде Жетісу облысының Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы 84 елді мекен табиғи газбен қамтылады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданындағы жұмыс сапары барысында белгілі болды.

Еске салсақ, өткен жылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Жетісу облысына келген сапарында «Талдықорған - Ұшарал» магистралды газ құбырының құрылысы басталған болатын. Ел Президенті тапсырмасының аясында жүзеге асырылып жатқан осы іргелі жобаның іске асырылу барысымен танысу мақсатында облыс әкімі «Ұшарал» АГТС нысанында болды.

«Интергаз Центральная Азия» АҚ Алматы филиалы магистралды газ құбыры басқармасының директоры Руслан Сүйіндіковтің айтуынша, магистралды газ құбырының ұзындығы – 302,4 км, диаметрі 530 мм. Желінің бойында 6 авто-маттандырылған газ тарату станциясы салынуда. Станциялардағы құрылыс жұмыстары 80%-ға аяқталған.

- Бүгінгі күнге төрт станцияның технологиялық құрал-жабдықтары

сынақтан өткізілді. Жақында тағы 2 станцияда сынақ жұмыстары жүргізіледі. Магистралды газ құбыры құрылысын аяқтау мерзімі 2026 жылдың соңы деп белгіленген болатын. Дегенмен жобаның әлеуметтік маңыздылығын ескеріп, оған күш жұмылдырудың арқасында мерзімінен 1 жыл 4 ай бұрын, яғни алдағы қыркүйек айында аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде, 84 елді мекен көгілдір отынмен қамтылып, 440 мыңдай тұрғын газға қосылуға мүмкіндік алады. Қазір аудан әкімдігімен бірге АГТС-тан елді мекендерге газ құбырын тарту жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Бұдан соң елді мекендерге көгілдір отын тарту жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылады, - деді Руслан Сүйіндіков. Өңір басшысы бұл жобаның аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ерекше рөлін атап өтіп:

- «Талдықорған - Ұшарал» магистралды газ құбырының халықтың тұрмыс деңгейін көтерудегі маңызы зор. Газ жеткізілсе, бұл осы аймақтағы, зауыттарға, жылыжайларға, шағын және орта бизнес нысандарының жұмысына жаңа серпін береді. Бұған қоса болашақта газ құбыры пупингін де қолға алу қажет, - деді Бейбіт Исабаев.

Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ



ЕРНҰР ЖҮКЕНГЕ ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Талдықорғанда Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов пен «Жетісу – қолдау» қоғамдық қорының басшысы Рүстем Байтұманов Ернұр Жүкенге екі бөлмелі пәтердің кілті табыстады. Өткен жылдың соңында облыс орталығындағы жер үйдің бірінде орын алған газ жарылысы салдарынан зардап шеккен отбасының үлкен ұлы Ернұр тұрғын үй мәселесімен бұған дейін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қабылдауына кірген болатын.

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында облыс әкімдігі қала тұрғынының көтерген мәселесіне қатысты жедел әрекет етіп, оны заң шеңберінде жан-жақты қарастырды. Әсет Қанағатовтың айтуынша, Ернұр мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегінде тұрмағандықтан, оған мемлекеттік қордан тұрғын үй беру мүмкіндігі жоқ. Осыған байланысты демеушілердің көмегіне жүгіну туралы шешім қабылданған.

- «Жетісу – қолдау» қоғамдық қорымен бірлесіп отырып, біз бұл түйткілді мәселенің оң шешімін таптық.

Қордың қаржылай қолдауының арқасында Талдықорған қаласынан екі бөлмелі пәтер сатып алынып, жөндеуден өткізілді. Біз пәтердің мектепке жақын болуын да ойластырдық, өйткені қазіргі таңда Ернұрдың қамқорлығында мектеп жасындағы кіші қарындасы бар. Енді бұл үйде тек береке мен тыныштық орнасын дейміз, - деді Әсет Қанағатов.

Қор жетекшісі Рүстем Байтұманов өткен жылғы қайғылы жағдай ешкімді бей-жай қалдырмағанын айтты.

- Сатып алынған пәтер – жай ғана баспана емес. Бұл адамгершілік пен жанашырлықтың, қамқорлық пен ынтымақтың символы деуге болады. Қор облыс әкімдігінің ұсынысына қолдау білдірген жән деп шешті. Енді осы шаңырақта өсіп-өніп, жайлы ғұмыр кешіңіздер, - деді ол.

Ернұр қиын сәтте көп ұшын созған облыс басшылығына және қоғамдық қорға алғысын білдірді.

Атап өтсек, «Жетісу – қолдау» қоры осыдан бір жарым жыл бұрын құрылған болатын. Осы уақыт ішінде олар бірнеше әлеуметтік бастаманы жүзеге асырды. Солардың бірі ретінде Талдықорғандағы заманауи теннис орталығының салынуын атауға болады.

Фото: Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ПРОИЗВОДСТВО
ПЕЧИ, СОГРЕВАЮЩИЕ ТЫСЯЧИ ДОМОВ

Предприятие ТОО «ТеплоStandart», расположенное в Талдыкоргане, на протяжении двух десятилетий демонстрирует устойчивое развитие и технологический прогресс. За это время оно прошло путь от выпуска стандартных металлических печей до современного, серийного производства отопительных котлов авторской конструкции. Сегодня это одно из наиболее известных предприятий в сфере отопительного оборудования в Казахстане.

История компании началась в 2002 году, когда ее основатель и руководитель Дмитрий Страхов заметил существенный пробел на рынке качественного отопительного оборудования. Занимаясь монтажом систем отопления и водоснабжения, он сталкивался с жалобами клиентов на низкое качество импортных или кустарных отопительных систем. Тогда и возникла идея создания собственного предприятия, которое бы производило надежные, долговечные и адаптированные к казахстанскому климату котлы.

Изучив потребности рынка и технические возможности, команда «ТеплоStandart» разработала первую серию твердотопливных котлов для отопления частных домов. Они быстро завоевали популярность среди жителей Талдыкоргана и области Жетісу благодаря своей простоте, надежности и эффективности. Рост спроса на продукцию стал стимулом для расширения производ-

ства и увеличения ассортимента. Сегодня «ТеплоStandart» — это: большой модельный ряд котлов для дома, офисов, складов и производственных помещений на различных видах топлива (твердое, газ, комбинированное), печи для бани; 55 высококвалифицированных сотрудников, объединенных общей целью — производить качественную и доступную продукцию; собственное современное производство, оснащенное металлообрабатывающим, сварочным и покрасочным оборудованием; склады в городах Талдыкорган, Алматы и Астана; разветвленная дилерская сеть по всему Казахстану; зарегистрированные товарный знак «ТеплоStandart» и торговая марка «Kurqan», а также надежная репутация среди клиентов и партнеров.

Чтобы соответствовать постоянно растущему спросу и требованиям клиентов, завод продолжает инвестировать в мо-



дернизацию оборудования и расширение производственных площадей. В 2024 году предприятие получило финансирование от АО «Банк ЦентрКредит». В рамках программы «Единая комплексная программа», реализуемой при поддержке Фонда «Даму», компания получила субсидирование процентной ставки, сниженной до 8% годовых, а также гарантию Фонда на часть суммы кредита. Эти меры позволили заводу запустить модернизацию производственного цеха и расширить объемы выпускаемой продукции.

Руководство компании уверено, что вложения в производство и персонал — это инвестиции в устойчивое развитие региона. Компания активно сотрудничает



с местными колледжами, участвует в ярмарках и выставках, а также развивает сервисную и консультационную поддержку своих клиентов.

Как подчеркивает Дмитрий Страхов: «Мы не просто производим котлы — мы даем людям тепло, комфорт и уверенность в завтрашнем дне. Наши печи

сегодня согревают не одну тысячу домов. Поэтому каждый наш продукт — это результат труда, опыта и заботы о клиенте. И мы продолжаем прислушиваться к отзывам, внедрять новые идеи и искать новые решения».

Добавим, что предприятие дополнительно специализируется на производстве мангалов, коптильных чаш, гриль и барбекю, идеальных для дачи, летней площадки кафе или туристической базы. Они отличаются стильным дизайном, надежностью, разнообразием моделей и доставкой по всему Казахстану. Как говорят специалисты, каждое изделие у них создается с любовью и вниманием к деталям — это, к примеру, не просто мангал, это центр отдыха, который собирает вокруг себя семью, друзей и создает незабываемые вечера.

НА «ПЕРЕДОВОМ ФРОНТЕ»
ЭЛЕКТРОСЕТЕЙ

Электрический ток ошибок не прощает, утверждает Болатбек Дүйсенбаев, имеющий 36-летний стаж и опыт работы в области электроэнергетики. Поэтому специалист данной отрасли, по его мнению, должен знать на отлично правила техники безопасности, быть образованным, компетентным, аккуратным и ответственным.

Болатбек Айтбекұлы родился (1968 г.), вырос и живет в селе Еркін города Талдыкоргана. После службы в рядах Советской Армии в 1989 году он устроился электриком в тогда еще совхоз «Еркін», работал и водителем в данной сфере. Параллельно окончил Коксуский сельскохозяйственный техникум по специальности «Электрик».

В конце 1998 года Болатбек Дүйсенбаев перешел в Талдыкорганскую городскую электросеть, где вначале занимался монтажом, обслуживанием, ремонтом и прокладкой кабельных линий электропередач, затем — водителем передвижной электро-технической лаборатории по проверке кабелей. И вот уже 23 года он — водитель-электромонтер оперативно-выездной бригады, являющейся «передовым фронтом» электросетей, от которого зависит скорость восстановления света в домах и надежность энергоснабжения всего города.

Работа оперативно-выездной бригады заключается в обеспечении надежного и бесперебойного электроснабжения потребителей, а также в быстром реагировании на аварийные и нештатные ситуации. То есть мы, как «скорая помощь», должны быстро выехать на место отключения электроэнергии; найти и устранить причины аварий на линиях электропередач, трансформаторах, подстанциях и т.д.; при сложных повреждениях временно подключить объекты по резервной схеме до приезда другой бригады и тому подобное. В нашей бригаде Талдыкорганской электросети работают две машины, и в каждой — по два специалиста. К примеру, я сам являюсь и водителем, и электромонтером. Работаем по скользящему графику, с 8.00 утра до 20.00 вечера, на следующий день — с 20.00 вечера до 8.00 утра, два дня отдыхаем. Вся координация проходит через диспетчера. Выезжаем в город и пригородные села, — поясняет наш собеседник.

По его словам, с ежегодным расширением города, добавлением новых жилых массивов, увеличением численности бытовой и компьютерной техники, да и работой газовых приборов на электрическом токе увеличилась и нагрузка на электросети и специалистов. Изменилось и поведение населения, которое стало более нетерпимым к отключениям света. Вместе с тем, благодаря проводимой модернизации ситуация с аварийностью значительно снизилась.



Если раньше аварии были частым явлением — провода обрывались от сильных порывов ветра и дождя, снеговая и бурная — и отключения света происходили регулярно, то сегодня энергосистема города существенно изменилась. Сейчас заменено около 85% электрических сетей на самонесущие изолированные провода, которым не страшны ни дождь, ни снег, ни ветер. Провода не висят, как раньше, все стало безопаснее и стабильнее. Осталось еще несколько участков вне черты города, в скором времени и они пройдут модернизацию. Поэтому, бывая в других городах и обращая внимание на электрические столбы и провода, я понимаю, что наш Талдыкорган намного впереди остальных, и это только радует, — делится специалист.

Болатбек Дүйсенбаев говорит и о том, что на работу к ним приходят и новые молодые специалисты. Но кадровый дефицит, как и в любой другой рабочей сфере, все же остается проблемой. Он отмечает, что в его время, чтобы попасть в оперативно-выездную бригаду или любую другую, нужны были опыт и стаж, а сейчас приходится самим обучать молодежь, чтобы она осталась. Да и большую роль играет размер заработной платы, на меньшее молодые люди не соглашались.

И все же молодежь приходит, работает она и в руководящем составе, и она намного ближе к новейшим технологиям. В целом, электричество — это не просто лампочка. Это жизнь! Люди видят результат — свет в домах, — и благодарят. Это дает силы продолжать работать. Это работа, которой горжусь я и гордятся мои коллеги, — добавляет Болатбек Айтбекұлы.

ЦИФРОВАЯ ЮСТИЦИЯ
НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
ВО БЛАГО ГРАЖДАН

Органы юстиции продолжают активное внедрение цифровых технологий, делая юридические услуги более доступными, быстрыми и понятными. В области Жетісу эта работа ведется системно и с конкретными результатами. Об этом на диалоговой площадке Дома журналистов им. Б.Куранбека рассказал руководитель департамента юстиции Ержан Еркенов.

По его словам, в Послании народу Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность повышения правовой культуры и развития правового сознания граждан. В ответ на это Министерство юстиции на постоянной основе проводит разъяснительную работу по повышению правовой грамотности населения.

Так, только в текущем году в области Жетісу проведены такие акции, как «Народный юрист» (1 раз), «Юстиция консультирует» (7), «День открытых дверей» (2), «День бесплатной юридической помощи» (6), а также 16 консультативных мероприятий, охвативших более 2 тысяч жителей области.

Особое внимание уделяется сельским жителям. Для этого в регионе открыто 79 «Кабинетов права», работающих на базе уголков «Еgov» в зданиях районных, сельских клубов, администраций, в центрах отдыха. Кабинеты подключены к информационным системам «Әділет», «е-otinish», базе данных «Закон», portalу «Открытые НПА» и другие для ознакомления с действующими нормативными правовыми актами. С начала года консультации в таких кабинетах получили более 660 сельчан из отдаленных районов области.

Запущены информационная система «Е-ZanKomegi» и мобильное приложение «Zan Komegi». С помощью видеозвонка граждане могут обратиться за консультацией и квалифицированной юридической помощью к юристам и адвокатам, не выходя из дома. В системе зарегистрированы 57 специалистов по всей области.

Также успешно работает единая нотариальная информационная система «Е-нотариат», с помощью которой граждане оформили уже 465 доверенностей и 147 соглашений супругов через видеозвонок — без визита к нотариусу (исключения составляют доверенности, касающиеся управления имуществом). Идентификация проводится по биометрии и QR-подписи, документы доступны через «Цифровые документы» в EgovMobile.

Инновацией стало внедрение «Робота-судебного исполнителя», который автоматически возбуждает исполнительное производство по административным штрафам до 20 МРП. Благодаря этой системе возбуждено более 24 775 исполнительных производств на сумму 541 млн тенге, погашено долгов на 43 млн тенге, граждане сэкономили 35,7 млн тенге за счет отсутствия платы частным судебным исполнителям. Все процессы проводятся в онлайн-режиме — без личного обращения и очередей.

В целом, подчеркнул спикер, работа по цифровому обновлению органов юстиции будет только усиливаться — во благо удобства и комфорта для каждого жителя страны.

Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА



Ұлы даланың - ұлы Абайы



Жетісу облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен, этномәдени бірлестіктер, Аналар мен Ақсақалдар кеңесінің қолдауымен ұлы ойшыл, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының мұрасына арналған «Ұлы даланың - ұлы Абайы» атты он күндік мәдени-рухани шара өткізіледі.

Жоба аясында өңір тұрғындары мен түрлі этнос өкілдері Абай шығармашылығын тереңірек танып, оның ұлт болашағы үшін сіңірген еңбегін қайта зерделеуге мүмкіндік алады. Шараның алғашқы күнінде әлеуметтік желілер арқылы ақын мұрасына арналған құттықтаулар мен бейнежолдаулар жарияланып, этномәдени бірлестіктердің, ҚХА мүшелерінің және зиялы қауым өкілдерінің жылы лебіздері ұсынылады.

Бұдан бөлек, күн сайын Абайдың қара сөздеріне арналған бейнематериалдар жарияланып, аға буын өкілдері мен жастар ақынның философиялық ойларын қазіргі қоғам тұрғысынан талқылайды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде #ҰлыАбай_өлеңдері атты челлендж бастау алып, қатысушылар Абайдың өлеңдерін жатқа оқып, өз бейнежазбаларын бөлісуде.

Мәдени шара аясында қалалық қоғамдық орындарда тұрғындар арасында сауалнама жүргізіліп, халықтың Абай мұрасына қатысты таным деңгейі сарапқа салынады. Жауап берген белсенді азаматтарға естелік сыйлықтар табысталады.

Абайдың шығармашылығына арналған оқырмандар кеші де ерекше форматта өтпек. «Мәміле» клубының қатысуымен ұйымдастырылатын бұл кездесуде ақын туындылары оқылып, пікір алмасу ұйымдастырылады. Ал Қаратал өзенінің жағалауында ашық микрофон форматында өтетін музыкалық кеште Абайдың өңдері шырқалады. Қатысушылар «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» сынды туындыларды домбырамен немесе караоке нұсқада орындай алады.

Шара аясында ұлттық ойындарға да басымдық беріліп отыр. Жергілікті жағажай аумағында асық ату, қол күрес, арқан тартыс және қазақ күресі секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталады.

Сонымен қатар, «Абай» мейрамханасында өзге ұлт өкілдері арасында ақын шығармашылығына қатысты интеллектуалды ойын өтіп, жеңімпаздарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталады. Қалалық жағажайда жастар мен суретшілердің қатысуымен Абай бейнесіне арналған заманауи көркем инсталляциялар қойылады.

Он күндік ақынның рухани мұрасына арналған поэзиялық кешпен қорытындыланады. Аталған шара «Абай» мейрамханасының терассасында ашық микрофон форматында өтеді. Жастар мен өнерпаздар Абайға арналған өлеңдерін оқып, музыкалық қойылымдар ұсынады. Кеш соңы ортақ әнмен және естелік суретке түсумен аяқталады.

Шара ұйымдастырушыларының айтуынша, бұл жоба – өңірде рухани тұтастықты арттырып, көпэтносты қоғамда ұлттық мұраға деген құрметті күшейтудің жарқын үлгісі болмақ.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде материалдық қолдау көрсету мақсатында дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізіледі. Осындай ақпаратпен Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында Жетісу облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Қасымов бөлісті.

«Акция шеңберінде облыстық басқармалар мен департаменттер тарапынан нақты көмек қажет ететін 138 баланың тізімі жинақталды. Сонымен қатар, аудан және қала деңгейлерінде биыл жалпы саны 16 мыңнан астам балаға материалдық көмек көрсету жоспарланып отыр. Өткен жылы да 16 500 балаға жалпы сомасы 468 млн теңге көлемінде көмек көрсетілген болатын», - дейді спикер.

Аудандық және қалалық әкімдіктер мен білім бөлімдері тарапынан акцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша жергілікті іс-шаралар жоспарлары бекітіліп, көмекке мұқтаж балалардың тізімі жүйеленді.

Облыстағы әлеуметтік осал топтарға жататын 25 мың балаға киім-кешек пен кеңсе тауарларын сатып алу үшін 1 млрд 166 млн 286 мың теңге жергілікті бюджеттен бөлінді.

Бүгінде Ақсу, Көксу, Кербұлақ аудандарында қаражат толықтай аударылып, қажетті жұмыстар атқарылды. Қалған қала-аудандарда бұл жұмыс 15 тамызға дейін толық аяқталады деп жоспарлануда.



Арай НҰР



17 АДАМ РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ІЛІНДІ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің 2025 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан

Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заңының аясында, Талдықорған қалалық пробацация қызметі бөлімінің бастығы әділет майоры Еркін Бекенұлы Шыныбековпен сұхбат жүргізгік.

Сұхбат барысында, 2025 жылғы 23 маусымдағы №195-VIII Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау» туралы Заңы, Талдықорған қалалық пробацация қызметінің есебінде тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрі тағайындалған 162 азаматқа қолданылатынын сондай-ақ, оның ішінде 42 адам негізгі жазадан босатылуға жататынын және аталған заңның талаптарына сәйкес 120 азаматтың өтелмеген негізгі жаза мерзімі қысқартылуға жататынын айтты.

Сонымен қатар, аталған заңның аясында Талдықорған қалалық пробацация қызметінің есебінде тұрған әлеуметтік жағынан осал яғни,



елу жасқа толған және ол жастан асқан әйелдер, алпыс жасқа толған және ол жастан асқан ер адамдар, сондай ақ, осы заң қолданысқа енгізілетін күнге жүкті әйелдер, ата-ана құқықтарынан айырылмаған және он сегіз жасқа толмаған баласы (балалары), бар адамдар болған әйелдер және ер адамдарға қатысты 7-азамат негізгі жазадан босатылған.

Бұған қоса, бүгінгі күнге аталған заңды негізге ала отырып қалалық сотқа 43-іс құжат жолданып, 17-азамат соттың қаулысымен жазадан босатылуда.

Өз тілшіміз

ДИН-ДІҢГЕК

РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамы Жаркент қаласының орталық мешітінің бас имамы С. Елеусізовпен кездесті.

Шара барысында әскери қызметшілерге ұлттық руханият, дін мен тәрбие, экстремизмнің алдын алу және діни сауаттылықтың маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу жеке құрамның рухани дүниетанымын кеңейтіп, патриоттық сезімін нығайтуға ықпал етті.

Сондай-ақ, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының

жеке құрамы және Қорғас ауылының имамы Ғ.Тулабаевтың қатысуымен профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды.

Кездесу барысында діннің рухани-тәрбиелік мәні, діни сауаттылық және жат ағымдардан сақтану тақырыптары қозғалды. Шара шекарашылардың дүниетанымын кеңейтуге және рухани иммунитетін нығайтуға бағытталды.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АДАЛ ҚЫЗМЕТКЕ – АБЫРОЙЛЫ ҚОШЕМЕТ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінде әскери қызметін абыроймен атқарып, 25 жылдан астам өмірін Отан шекарасын күзетуге арнаған подполковник Серік Жұманғазинді құрметті зейнетке шығарып салуға арналған салтанатты іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға департамент басшылығы, әріптестері мен жас әскери қызметшілер қатысты. Шара барысында Серік Оразбайұлының шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі елеулі еңбегі атап өтіліп, алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Көпжылғы тәжірибесімен бөлісіп, талай жас офицердің қалыптасуына үлес қосқан Серік Жұманғазиннің адалдығы мен қызметке деген жауапкершілігі әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталмақ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының оқу орталығы жеке құрамының қатысуымен Панфилов ауданының мәдени-көрікті жерлерін тамашалау бағытында танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

Бұл шараның басты мақсаты – жас сарбаздардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жергілікті жердің тарихына, мәдениетіне құрмет сезімін қалыптастыру. Іс-шара барысында әскери қызметшілер Жаркент мешіті, Шекарашылар аллеясы, сондай-ақ өңірдің тарихи-мәдени нысандарымен танысып, ұлттық құндылықтар жайында мол мағлұмат алды.

Мұндай танымдық шаралар сарбаздардың рухани дүниесін байытып, елге қызмет ету жолындағы патриоттық рухын нығайта түсері сөзсіз.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АЛАЯҚТЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының жеке құрамымен Халық банкінің қызметкерлері кездесу өткізіп, интернет алаяқтықтың түрлері мен одан сақтану жолдары туралы профилактикалық түсіндіру жұмысын жүргізді.

Шара барысында банк карталарын қорғау, бейтаныс сілтемелерге өтпеу және жеке деректерді жария етпеу мәселелері кеңінен қамтылды. Кездесу шекарашылардың цифрлық қауіпсіздік бойынша білімін арттыруға бағытталды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

ТАЛДЫҚОРҒАН ТЫНЫСЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейітімбетов бірқатар құрылыс және абаттандыру нысандарын аралады.

Алдымен «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябақтың жұмысымен танысып, мердігер ұйымға құрылыс қарқынын арттырып, сапаны күшейтуді тапсырды. Кейін «Бірлік» шағын ауданындағы сквер құрылысының аяқталу барысын бақылап, тиісті ұсыныстар берді.

Сондай-ақ, «Ұлан», «Жетісу» және «Жұлдыз» шағын аудандарындағы аулаларды абаттандыру жұмыстарын көріп, заманауи талаптарға сай әрі сапалы орындар болуы қажеттігін атап өтті.

Қала әкімінің орынбасары Шахворостов және Құрманов көшелерінде жүргізіліп жатқан кәріз жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстарын тексеріп, инженерлік жүйелердің сапасына мән берді. Еркін ауылындағы Сарыбұлақ көшесінде тартылып жатқан су құбыры желілерімен де танысып, жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар, Қуаныш Сейітімбетов қайта жаңғыртылып жатқан Арбат жаяужол аймағын ара-



лап, жұмыс барысын тексеріп, мердігер ұйымға барлық жобалардың сапасы мен мерзімінің қатаң бақылауда болатынын ескертті.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі жанынан және қоғам белсенділерінен құрылған талдау тобы қала аумағындағы бірнеше маңызы бар әлеуметтік нысандардың мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімділігіне қатысты тексеру шарасын жүргізді.

Талдау шарасының басты мақсаты - мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру, барынша жағдай жасау.

Тексеріс барысында, орын алған кемшіліктер анықталып, жауапты мекемеге оңтайлы шешу үшін уақыт берілді. Талдау шарасы әлі де жалғасады.



ЕРКІН АУЫЛЫНДА ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ САЛЫНУДА

Талдықорған қаласына қарасты Еркін ауылында 150 орынға арналған, 3 қабаттан тұратын жаңа мәдениет үйінің құрылысы басталды. Жалпы аумағы 1 228,6 шаршы метрді құрайтын бұл нысанда түрлі үйірмелер мен ауылдық кітапхана орналасады деп күтілуде.



Жаңа мәдениет үйі — ауыл жастары мен тұрғындары үшін шығармашылық қабілеттерін дамытып, білім мен тәжірибе алмасатын маңызды мәдени ортаға айналмақ.

Құрылыс жұмыстары маусым айында басталып, нысанды 2026 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Айта кетейік, бүгінде Еркін ауылдық округінде тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар іргелі жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Жол инфрақұрылымы жақсарып, аулалар абаттандырылып, көшелер жарықтандырылып, көгілдір отынмен қамту деңгейі артуда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

ЗАҢСЫЗ САУДА НЫСАНДАРЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Облыс орталығы Талдықорғанда стационарлық емес сауда нысандарын ретке келтіру мақсатында қала әкімдігінің бастамасымен арнайы комиссия құрылып, мониторингтік жұмыстар жүргізілді.

Тексеру барысында «Мүшелтой» шағын ауданындағы бірқатар заңсыз орнатылған дүңгіршектер анықталып, иелеріне ескерту берілді.

Мониторинг жұмысына қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары қатысты. Мониторингтік топ сауда нысандарының иелерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заң талаптары мен санитарлық нормаларды сақтау қажеттігін ескертті.

Ақерке МҰХИТҚЫЗЫ, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы:

— Қала аумағында 162 сауда нысаны тіркелген. Оның ішінде 111-і рұқсатсыз, яғни заңсыз жұмыс істеп жатқаны анықталды. Аталған нысандардың иелеріне құжаттарын заңдастыру немесе нысанды өз еркімен алу туралы ескертулер берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, — деді.

Мониторингтің негізгі мақсаты — қаланың сәулеттік келбетін жақсартып, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

СМАРТ АЯЛДАМАЛАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ



Облыс орталығы Талдықорған қаласында тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында орнатылған 21 смарт аялдаманың барлығы кезең-кезеңімен жаңғыртылып жатыр. Бұл нысандар алғаш рет 2018 жылы қолданысқа берілген болатын.

Өткен жылы қала әкімі Ернат Бәзілдің тапсырмасына сәйкес, барлық смарт аялдамалар 5 жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға берілді. Нәтижесінде аялдамаларда қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Қазіргі таңда олардың 12-сі толық жөнделіп, қайта пайдалануға берілді. Ал қалған 9 аялдаманы жыл соңына дейін жаңартып, тұрғындар игілігіне ұсыну жоспарлануда.

Смарт аялдамалар заманауи талаптарға сай жабдықталған. Қыс мезгілінде жылыту жүйесі — арнайы батареялар іске қосылады, ал жаз айларында салқындатқыш кондиционерлер жұмыс істейді. Сонымен қатар, әр аялдамада тегін Wi-Fi желісі мен смартфондарды қуаттайтын арнайы құрылғылар орнатылған.

Қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау мақсатында аялдамалар таңғы 06:30-да ашылып, түнгі 22:00-де автоматты түрде жабылады. Бұдан бөлек, барлық аялдамалар тәулік бойы бейнебақылау жүйесімен жабдықталған және күн сайын санитарлық тазалау жұмыстары жүргізіледі.

Айта кетейік, бұл бастама тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ ТАЗАРТЫЛУДА



Талдықорған қаласында санитарлық жағдайды жақсарту және су тасқынының алдын алу мақсатында арық жүйелерін тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы қала аумағында ұзындығы 374,6 шақырымды құрайтын арық желілері бар. Қазіргі таңда коммуналдық қызмет мамандары күн сайын 2-3 шақырымға жуық арық арналарын тұрмыстық қалдықтар мен өсімдіктер қалдығынан тазартып, судың еркін ағысына жағдай жасауда. Бұл жұмысқа 12 қызметкер мен 2 арнайы техника жұмылдырылған.

Арықтар негізінен қала көшелері мен көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында тазартылып, ағын су арналары қалпына келтірілуде.

Сала мамандарының айтуынша, аталған жұмыстар қала тұрғындарына қолайлы әрі таза орта қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, жауын-шашынды күндері судың жиналуына жол бермей, су тасқынының алдын алуға септігін тигізбек.



ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ

Талдықорған қаласында коммуналдық - тұрмыстық газ тұтынушыларына газ тұтыну жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Іс-шараға қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Төтенше жағдайлар басқармасы және «QazAimaq» қызметінің өкілдері қатысып, газ және газбен жабдықтау саласындағы заң талаптарын сақтау жөнінде тұрғындарға мониторинг жүргізді.

Мониторинг мақсаты — қала аумағындағы газ тұтыну жүйелері мен газбен жабдықтау нысандарында техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу. Осыған байланысты, мониторингтік топ газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіріп, ақпараттық-профилактикалық жұмыстарды күшейтті.

КӨШЕЛЕРДІ СУ БҮРКУ АРҚЫЛЫ САЛҚЫНДАТУ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жаз мезгіліндегі жоғары температураға байланысты жол жамылғыларын су бүрку (аэрация) әдісімен суару жұмыстары жүргізілуде.

Су бүрку әдісі +30°C-тан жоғары ауа температурасы кезінде асфальт жабындарының қызып кетуінің алдын алуға бағытталған тиімді тәсіл.

Бұл әдіс бүгінде Талдықорған қаласының орталық көшелерін салқындату мақсатында жүргізілді.

Сала мамандарының мәліметінше, су бүрку әдісі жол төсемелерінің қызып, құрылымының бұзылуына жол бермей, асфальттың ерте тозуының алдын алады. Сонымен қатар, жол бойындағы жасыл белдеулер мен гүлзарлар үшін де тиімді. Су тамшылары өсімдіктерге қажетті ылғалды қамтамасыз етіп, аптап ыстықта жасыл желектердің күйіп кетуінен қорғайды.

Айта кетейік, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

2026 жылдан бастап медициналық көмектің бірыңғай пакетіне кезең-кезеңімен көшу басталады. Бұл ТМККК мен МӘМС-ті нақты ажыратуды, аурулардың ерте профилактикасының қолжетімділігін, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған жағдайда тегін зерттеп қарауды қамтамасыз ететін болады.

«Бірыңғай пакет әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте диагностикалау бойынша кепілдіктерді кеңейтеді. Мысалы, онкоскринингтер сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық қазақстандықтарға қолжетімді болады. Бұл өз кезегінде тегін медициналық көмектің кепілдік көлеміне кіретін онкоскринингтерді жалпыға бірдей қолжетімді етіп, обырды ерте сатысында уақтылы тиімді диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік береді», - дейді Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының директоры Иван Самойленко.

Оған қоса, МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдарды есептеу үшін базаның жоғарғы шегін арттыру ұсынылады.

Қазір орташа жалақысы 300 мың теңге болатын қызметкерлер МӘМС жарнасын 6 мың теңге немесе табыстың 2% деңгейінде төлейді. Ал орташа жалақыдан 5 есе жоғары 1,5 млн теңге табыс алған кезінде 10 ЕТЖ (850 мың теңге) жоғарғы шегі іске

МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА
ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ?

14 шілде Мемлекет басшысы МӘМС туралы Заңға енгізілген өзгерістерге қол қойды. Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы мен Денсаулық сақтау басқармасы әрбір азаматтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға және медициналық көмекті қаржыландырудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған заңдағы жаңа өзгерістер туралы түсініктеме берді.

қосылады, сондықтан жарна 17 мың теңгеден немесе табыстың 1,1%-ынан аспайды. Орташа жалақыдан 10 есе жоғары 3 млн теңгедегі табыстан МӘМС жарнасы 17 мың теңгеге немесе табыстың 0,6%-на тең болып қалады.

Енді жұмыс берушілер үшін жарналарды 40 ЕТЖ-дан аспайтын сомадан, ол 3,4 млн. теңге және ең жоғары аударымдар айына 102 мың теңгені құраса, ал қызметкерлер - 20 ЕТЖ-ға дейінгі сомадан, яғни 1,7 млн теңге және ең жоғары аударымдар айына 34 мың теңге аударатын болады.

Одан бөлек, 2027 жылдан бастап мемлекет жарналарын 2037 жылға қарай 2%-дан 4,7%-ға дейін кезең-кезеңімен арттыру көзделген. Бүгінгі таңда Жетісу облысында 539 мың адам (82,2%) сақтандырылған, оның ішінде 392 мың адам (72,7%) халықтың жеңілдетілген санаттарына жатады. Олар үшін ай сайын ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылдағы орташа айлық жалақының 2%-н құрайтын 7 285,9 теңге МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Бұл мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары туралы Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов айтып берді.

Қабылданған заң шеңберінде 2026 жылы МӘМС жүйесі жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен дағдарысты және шұғыл әл-ауқат деңгейі (Д және Е санаттары) бар 1 миллионға жуық адамды қосымша қамтитын болады. Бұл табысы төмен ҚР азаматтарының тағы 5%-ы МӘМС есебінен жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізе алатынын білдіреді.

«Қазіргі таңда Жетісу облысында МӘМС жүйесінде

сақтандырылмаған 117 мыңнан астам адам бар, оның ішінде 82 мыңы жағдайы жақсы және қанағаттанарлық өмір сүру деңгейі бар азаматтар, ал 35 мыңнан астамы - әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық және шұғыл деңгейлеріне жататын азаматтар. Халықтың осы санаттары үшін жарналар осы азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін болады», - дейді Асқар Садықов.

Халықты МӘМС жүйесімен барынша қамту және сақтандырылған азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында заң жобасы жеңілдікті кезеңді ұзарту жөніндегі жаңа норманы көздейді.

Енді бес жылдың ішінде өз бетінше және үзіліссіз жарна төлейтін азаматтар уақытша төлемдер болмаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтай алады.

Бұрын бұл мерзім небәрі үш ай болатын. Бұл әділ және маңызды шешім жүйеге тұрақты қатысатын және уақытша қиындықтарға тап болғандарды қолдайды.

«МӘМС туралы Заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру бойынша бірыңғай коммуникациялық жоспар аясында Жетісу облысында Қор филиалының, үкіметтік емес ұйымдар, өңірлік медициналық қауымдастықтың өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрылды. Қазіргі таңда түсіндіру жұмыстары басталды, өзгерістерді талқылау бойынша дөңгелек үстелдер, еңбек ұжымдарымен, халықпен, медицина және бизнес қауымдастығымен кездесулер ұйымдастырылады», - деді Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов.

ДЕНІ САУ ҰЛТ

ДӘРІ-ДӘРМЕКТІ ӨЗ БЕТІНШЕ
ҚАБЫЛДАУ –
ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАУІП

Қазір көп адам сәл сырқаттанып қалса, дәрігерге баруға асықпайды. Оның орнына бұрын ішкен дәріні қайта қолданады, туысы немесе танысы ұсынған дәріні сапып ала салады. «Интернеттен оқып алдым» деп, өзін өзі емдеуге тырысатындар да аз емес. Кейбірі дәріханаға барып, нақты диагнозсыз-ақ кез келген дәріні сұрап алады. Әсіресе, жарнамаға жиі көрсетілетін, «ауырғанда көмектеседі» деген препараттар сұранысқа ие.



Мұндай әрекеттердің себебі көп: біреуде уақыт тапшы, біреу дәрігерге сенбейді, ал енді біреу «өзім білем» деп ойлайды. Бірақ мұның соңы денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін екенін көбі ескере бермейді. Өзін-өзі емдеу арқылы адам дертті жеңілдетпей, керісінше асқындырып алуы мүмкін. Кейбір жағдайда дұрыс емделмеген сырқат ұзаққа созылып, созылмалы ауруға айналып жатады.

Тағы бір мысал – бала ауырса, ата-ана көршіден кеңес сұрап, сол ұсынған дәріні бере салады. Ал әр баланың ағзасы әртүрлі, салмақ пен жасына қарай дәрінің дозасы да өзгереді. Мұндай қателік ауыр салдарға алып келуі мүмкін.

ДӘРІ ДҰРЫС БОЛМАСА – АУРУ КҮШЕЙЕДІ

Әр дәрінің өзіндік әсері бар. Біреу бас ауруын басады, біреу қабынуға қарсы, енді бірі жұқпалы ауруларға қарсы күреседі. Алайда, аурудың себебі дұрыс анықталмайынша, кез келген дәрі көмектесе алмайды. Керісінше, ауруды жасырын түрге айналдырып, созылмалы не асқынған формаға жеткізуі мүмкін.

Мысалы, тұмау болып қалғанда бірден антибиотик қабылдайтындар көп. Бірақ тұмау – вирус, ал антибиотик тек бактерияға қарсы әсер етеді. Оны қажетсіз қолдану ағзадағы пайдалы микрофлораны жойып, иммунитетті әлсіретеді.

АНТИБИОТИКТЕРГЕ ТӨЗІМДІЛІК –
ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлемде жыл сайын миллиондаған адам антибиотиктерге төзімді микробтардан зардап шегеді. Себебі – адамдар бұл дәрілерді орынсыз, өз бетімен қабылдай береді. Болашақта бізге таныс антибиотиктер мүлде әсер етпейтін болуы мүмкін.

Бұл мәселе тек медицина үшін емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Сондықтан БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының бірі – №3: «Жақсы денсаулық және әл-қуат» – дәл осыны көздейді. Яғни, әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, қауіптің алдын алуы тиіс.

ФАРМАЦЕВТ ПЕН ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ –
БАСТЫ ҚҰРАЛ

Дәріханада жұмыс істейтін фармацевттер арнайы білім алған мамандар. Олар препараттың не үшін қолданылатынын, қалай ішу керек екенін біледі. Егер рецептіңіз болмаса, дәріні өз бетіңізше емес, маманның кеңесімен таңдаған дұрыс.

Сол сияқты, әрбір ауру кезінде учаскелік дәрігерге қаралып, нақты диагноз алғаннан кейін ғана ем бастау қажет. Бұл – өзіңіздің де, айналаңыздың да денсаулығына деген жауапкершілік.

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ –
АЛҒАШҚЫ ТӘРБИЕ ОРНЫ

Фармацевтикалық сауаттылықты бала кезден қалыптастыру маңызды. Бұл – №4: «Сапалы білім беру» мақсатымен байланысты. Отбасында, мектепте балаларға дәріні рұқсатсыз қабылдауға болмайтыны үйретілуі тиіс. Балалар үлкендердің дәрісін қызығып ішпеу керек, ал ата-аналар үйде дәріні қол жетпейтін жерде сақтау қажет.

Қорыта айтқанда, дәрі – ем де, у да бола алады. Бәрі қалай және кімнің кеңесімен қолданылғанына байланысты. Өз денсаулығыңызға ұқыппен қарап, дәрі-дәрмекті тек маманның ұсынысымен қолданыңыз. Бұл – жеке қауіпсіздіктің ғана емес, қоғамдағы тұрақты дамудың кепілі.

Айжан ШАКИРОВА,
«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті.

Қайрат ЖАКИПБЕКОВ,

PhD, қауымдастырылған профессор,

Нұрғали РАХЫМБАЕВ,

PhD, кафедра доценті,

Мурат АШИРОВ,

PhD, профессор ассистенті

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ

ПРОФИЛАКТИКА САЛЬМОНЕЛЛЕЗНОЙ ИНФЕКЦИИ

Сальмонеллез – это инфекционное заболевание, вызванное бактериями рода Salmonella. Чаще всего протекает с поражением органов желудочно-кишечного тракта, но описаны и случаи развития тяжелого системного процесса (с поражением других органов и систем), и бактерионосительства без клинических проявлений.

Правила, которые помогут избежать заражения сальмонеллёзом:

► Мыть руки после посещения туалета, смены подгузника или ухода за



больным.

► Мыть руки до и после приготовления пищи, а также после контакта с сырым мясом или яйцами.

► Использовать разные разделоч-

ные доски и ножи для сырого мяса, рыбы, овощей и фруктов.

► Не мыть сырое мясо, рыбу и яйца перед готовкой (бактерии быстро погибают при термической обработке, но длительно остаются на стенках раковины и могут перейти на посуду, фрукты и овощи).

► Отказаться от употребления недоваренного или сырого мяса, яиц или непастеризованных молочных продуктов.

► Мыть фрукты и овощи перед едой.

С.АХАН,

руководитель РГУ

«Талдықорганское городское

управление санитарно-

эпидемиологического контроля»

А.РИНАС,

ведущий специалист

РОЛЬ ВРАЧЕЙ ОБЩЕЙ ПРАКТИКИ
В ПРОФИЛАКТИКЕ ХРОНИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Врачи общей практики (ВОП) поликлиники №1 г. Талдықорғана играют ключевую роль в профилактике хронических неинфекционных заболеваний (ХНИЗ), таких как гипертония, диабет и сердечно-сосудистые патологии. Основная задача ВОП – раннее выявление факторов риска и организация профилактических мероприятий.

РАННЕЕ ВЫЯВЛЕНИЕ
И СКРИНИНГ.

ВОПовская практика включает регулярные осмотры, измерение артериального давления, контроль уровня глюкозы и липидов. В 2024 году в Талдықоргане охват скрининговыми программами составил 78% взрослого на-

селения, что позволило выявить 12% новых случаев гипертонии. Врачи ВОП активно используют анкетирование для оценки образа жизни пациентов, включая питание, физическую активность и курение.

ОБУЧЕНИЕ ПАЦИЕНТОВ.

Важным аспектом является санитарно-просветительная работа. Врачи проводят консультации, обучая пациентов принципам здорового питания, физической активности и управления стрессом. В поликлиниках города внедрены школы здоровья, где в 2024 году прошли обучение более 500 пациентов с предиабетом.

МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ
ПОДХОД.

ВОП координируют работу с узкими специалистами, обеспечивая комплексное ведение пациентов. Например, при выявлении диабета ВОП направляет

пациента к эндокринологу, сохраняя контроль за выполнением рекомендаций.

ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.

Недостаток времени на прием и ограниченные ресурсы затрудняют работу. Внедрение телемедицины и цифровизация учета пациентов могут повысить эффективность. В 2025 году планируется расширение программ профилактики с акцентом на молодежь.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ.

Врачи ВОП – основа первичной профилактики ХНИЗ. Их работа в Талдықоргане способствует снижению заболеваемости и повышению качества жизни населения. Необходима дальнейшая поддержка их деятельности через обучение и современные технологии.

У. ТЕМИРХАНОВ,

Д. САГЫНБАЕВА



РОЛЬ МЕДСЕСТРЫ И ФИЗИОТЕРАПЕВТА В ВОССТАНОВЛЕНИИ ПОСЛЕ ОРТОПЕДИЧЕСКИХ ОПЕРАЦИЙ

Современная ортопедическая хирургия, включая операции на суставах и позвоночнике, требует комплексного подхода к реабилитации, где ключевая роль отводится медсестрам и врачам-физиотерапевтам.

Медсестры обеспечивают уход за пациентом в ранний послеоперационный период, включая контроль за состоянием раны, предотвращение инфекций и мониторинг витальных показателей. Они также помогают пациентам с базовыми потребностями, такими как смена положения тела, что крайне важно для предотвращения контрактур и пролежней. Физиотерапевты, в свою очередь, разрабатывают индивидуальные программы лечебной физкультуры (ЛФК), направленные на восстановление подвижности суставов и укрепление мышц. Совместная работа начинается с первых дней после операции: медсестра обучает пациента правильному положению тела, чтобы избежать нагрузки на оперированную область, а физиотерапевт вводит пассивные и активные упражнения для постепенного восстановления функций. Современные технологии, такие как телемедицина и носимые устройства для мониторинга движений, позволяют обеим профессиям отслеживать прогресс пациента в реальном времени. Например, использование датчиков движения помогает физиотерапевту корректировать программу ЛФК, а медсестра может оперативно реагировать на изменения в состоянии пациента, такие как повышение температуры или отек. Важным аспектом является психологическая поддержка: медсестры и физиотерапевты мотивируют пациентов, помогая преодолевать страх перед движением. Эффективное взаимодействие этих специалистов сокращает сроки восстановления и улучшает качество жизни пациентов, что подтверждается исследованиями, показывающими снижение осложнений на 20% при слаженной командной работе.

ФИЗИОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ И СЕСТРИНСКАЯ ПОМОЩЬ В ЛЕЧЕНИИ ХРОНИЧЕСКОЙ БОЛИ

Хроническая боль, будь то при артрите, фибромиалгии или посттравматических состояниях, требует комплексного подхода, где медсестры и физиотерапевты работают в тандеме.

Медсестры обеспечивают мониторинг состояния пациента, контроль за приемом анальгетиков и выявление побочных эффектов медикаментов, таких как сонливость или тошнота. Физиотерапевты применяют немедикаментозные методы: массаж, миофасциальный релиз, кинезиотейпирование и индивидуально подобранные упражнения для снятия мышечного напряжения и улучшения подвижности. Совместная работа начинается с составления плана лечения: медсестра собирает анамнез и фиксирует жалобы на боль, а физиотерапевт оценивает функциональные ограничения. Современные технологии, такие как транскутанная электрическая нейростимуляция (TENS) и ультразвуковая терапия, активно используются физиотерапевтами, в то время как медсестры обучают пациентов правильному применению этих устройств в домашних условиях. Важным аспектом является обучение пациентов техникам релаксации, таким как дыхательные упражнения или медитация, которые медсестра и физиотерапевт могут проводить совместно.

Психологический аспект также важен: специалисты помогают пациентам справиться с эмоциональным стрессом, вызванным хронической болью. Исследования показывают, что комбинированный подход снижает интенсивность боли на 30% и улучшает качество жизни у 70% пациентов. Такой подход требует регулярного обмена информацией между медсестрой и физиотерапевтом для корректировки плана лечения.

СЕСТРИНСКИЙ УХОД И ФИЗИОТЕРАПИЯ ПРИ НЕВРОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЯХ

Реабилитация пациентов с неврологическими заболеваниями, такими как инсульт, рассеянный склероз или болезнь Паркинсона, требует тесного сотрудничества медсестер и физиотерапевтов.

Медсестры играют важную роль в ежедневном уходе, включая помощь в гигиене, профилактику пролежней и контроль приема медикаментов, что особенно важно для пациентов с нарушением глотания или двигательных функций. Физиотерапевты разрабатывают программы, направленные на восстановление координации, силы и баланса, используя такие методы, как нейромышечная стимуляция и упражнения на тренажерах с биологической обратной связью. Совместная работа начинается с оценки состояния пациента: медсестра предоставляет данные о витальных показателях и общем самочувствии, а физиотерапевт анализирует двигательные возможности. Например, при инсульте медсестра помогает пациенту безопасно менять положение в постели, чтобы предотвратить спастичность, в то время как физиотерапевт обучает правильной походке с использованием ходунков или ортезов. Современные подходы включают использование виртуальной реальности для стимуляции нейропластичности, что позволяет пациентам с рассеянным склерозом улучшать координацию. Коммуникация между специалистами осуществляется через электронные медицинские системы, что минимизирует ошибки и ускоряет принятие решений. Психосоциальная поддержка также играет роль: медсестры и физиотерапевты помогают пациентам справляться с депрессией и тревогой, что улучшает приверженность лечению. Исследования показывают, что междисциплинарный подход сокращает время восстановления функций на 15-25% у пациентов с неврологическими расстройствами.

ОБУЧЕНИЕ ПАЦИЕНТОВ ПРАВИЛЬНОЙ ТЕХНИКЕ ДВИЖЕНИЙ И УХОДА ЗА СОБОЙ

Обучение пациентов правильной технике движений и ухода за собой — важная задача медсестер и физиотерапевтов, особенно для тех, кто восстанавливается после травм или операций.

Медсестры обучают пациентов базовым навыкам, таким как правильное вставание с кровати или использование туалета, минимизируя риск травм. Физиотерапевты фокусируются на восстановлении двигательных функций, обучая правильной походке, использованию ортезов или тренажеров. Со-

вместная работа начинается с оценки потребностей пациента: медсестра определяет уровень самостоятельности, а физиотерапевт разрабатывает программу ЛФК, адаптированную под физическое состояние. Современные технологии, такие как мобильные приложения с видеуроками или вир-

ОРГАНИЗАЦИЯ БЕЗОПАСНОЙ СРЕДЫ ДЛЯ ПАЦИЕНТОВ В СТАЦИОНАРЕ И АМБУЛАТОРНОЙ ПРАКТИКЕ

Создание безопасной среды для пациентов в стационаре и амбулаторных условиях — общая задача медсестер и физиотерапевтов, направленная на предотвращение падений и травм.

Медсестры отвечают за адаптацию пространства: установку поручней, использование нескользящих покрытий и обеспечение доступности медицинского оборудования. Физиотерапевты оценивают двигательные способности пациента и подбирают вспомогательные устройства, такие как трости, ходунки или ортезы, а также обучают безопасным техникам передвижения.

Совместная работа начинается с оценки рисков: медсестра выявляет

факторы, такие как слабость или головокружение, а физиотерапевт проводит тесты на равновесие и координацию. Современные технологии, такие как датчики движения и системы мониторинга, помогают отслеживать перемещения пациентов в реальном времени, что позволяет оперативно реагировать на потенциальные риски.

Например, в стационаре медсестра может использовать сенсорные маты для оповещения о попытке пациента

МОНИТОРИНГ И ПОДДЕРЖКА ПАЦИЕНТОВ С СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫМИ ЗАБОЛЕВАНИЯМИ

Пациенты с сердечно-сосудистыми заболеваниями (ССЗ), такими как ишемическая болезнь сердца или гипертония, требуют тщательного мониторинга и реабилитации, где медсестры и физиотерапевты играют ключевые роли.

Медсестры контролируют витальные показатели — артериальное давление, пульс, уровень сатурации — и обеспечивают своевременный прием медикаментов, таких как антикоагулянты или бета-блокаторы. Физиотерапевты разрабатывают программы физической реабилитации, включая аэробные упражнения умеренной интенсивности, такие как ходьба или велотренажер, для улучшения сердеч-

ной функции.

Совместная работа начинается с оценки состояния пациента: медсестра фиксирует изменения в самочувствии, а физиотерапевт определяет уровень физической нагрузки, безопасный для пациента. Современные технологии, такие как носимые кардиомониторы, позволяют в реальном времени отслеживать сердечный ритм, что помогает обеим профессиям корректировать

туальные тренажеры, помогают пациентам осваивать упражнения дома. Например, после эндопротезирования коленного сустава медсестра обучает пациента использованию костылей, а физиотерапевт показывает упражнения для восстановления амплитуды движений. Пациентов также учат распознавать признаки переутомления или осложнений, таких как отек или боль. Исследования показывают, что обучение пациентов снижает риск повторных травм на 30%. Регулярное общение между медсестрой и физиотерапевтом позволяет корректировать план обучения, обеспечивая его актуальность и эффективность.

встать без помощи, а физиотерапевт разрабатывает упражнения для укрепления мышц ног.

В амбулаторной практике специалисты обучают пациентов и их родственников безопасному обустройству дома, включая устранение препятствий и правильное освещение. Исследования показывают, что такой подход снижает риск падений на 40% у пожилых пациентов.

Эффективная коммуникация между медсестрой и физиотерапевтом через цифровые платформы обеспечивает непрерывность ухода и повышает безопасность.

лечение. Например, если медсестра замечает тахикардию, физиотерапевт может снизить интенсивность упражнений. Пациентов также обучают самоконтролю, включая измерение пульса и распознавание симптомов ухудшения. Исследования показывают, что комплексная реабилитация снижает риск повторных сердечных событий на 25%.

Психологическая поддержка, оказываемая медсестрами и физиотерапевтами, помогает пациентам справиться с тревогой, связанной с ССЗ, что улучшает приверженность лечению.

форта. Обе профессии сталкиваются с дилеммами, такими как отказ пациента от лечения или давление со стороны родственников. В таких случаях специалисты проводят совместные консультации, чтобы найти компромисс. Исследования показывают, что этический подход повышает удовлетворенность пациентов на 25%. Регулярное обучение этике и коммуникации помогает медсестрам и физиотерапевтам эффективно решать моральные вопросы, укрепляя доверие к медицинской системе.

ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

В РАБОТЕ МЕДСЕСТРЫ И ФИЗИОТЕРАПЕВТА

Этические аспекты играют важную роль в работе медсестер и физиотерапевтов, особенно в вопросах согласия пациентов, конфиденциальности и индивидуального подхода.

Медсестры обеспечивают соблюдение прав пациента, разъясняя процедуры и получая информированное согласие на уход. Физиотерапевты, в свою очередь, адаптируют программы реабилитации, учитывая пожелания и возможности пациента. Совместная работа начинается с обсуждения плана лечения: медсестра информирует о состоянии пациента, а физиотерапевт

учитывает эти данные для выбора безопасных методов. Современные технологии, такие как защищенные электронные системы, помогают сохранять конфиденциальность данных.

Например, при работе с пациентами с деменцией медсестра следит за соблюдением этических норм в общении, а физиотерапевт адаптирует упражнения, чтобы избежать дискон-

ВОССТАНОВЛЕНИЕ ДЫХАТЕЛЬНОЙ ФУНКЦИИ:

СЕСТРИНСКИЙ УХОД И ФИЗИОТЕРАПИЯ

Восстановление дыхательной функции у пациентов с ХОБЛ, пневмонией или после операций на грудной клетке требует сложной работы медсестер и физиотерапевтов.

Медсестры обеспечивают уход, включая контроль за оксигенацией, помощь в использовании ингаляторов и мониторинг дыхательных показателей. Физиотерапевты разрабатывают программы дыхательной гимнастики, такие как диафрагмальное дыхание или упражнения с сопротивлением, для улучшения вентиляции легких. Совместная работа начинается с оценки

состояния: медсестра фиксирует частоту дыхания и уровень сатурации, а физиотерапевт определяет дыхательный объем и выносливость. Современные устройства, такие как спирометры и пульсоксиметры, позволяют точно отслеживать прогресс.

Например, при ХОБЛ медсестра обучает пациента правильному использованию небулайзера, а физио-

терапевт вводит упражнения для укрепления дыхательных мышц. Пациентов также учат техникам кашля для очищения легких от мокроты. Психологическая поддержка важна, так как одышка часто вызывает тревогу; медсестры и физиотерапевты помогают пациентам справляться с этим. Исследования показывают, что комплексный подход улучшает дыхательную функцию на 20% и снижает частоту госпитализаций. Обмен данными через электронные системы обеспечивает непрерывность ухода.

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДОКУМЕНТАЦИЯ

В РАБОТЕ МЕДСЕСТРЫ И ФИЗИОТЕРАПЕВТА

Точная и своевременная документация — основа эффективной работы медсестер и физиотерапевтов, обеспечивающая непрерывность лечения.

Медсестры ведут записи о состоянии пациента, включая витальные показатели, прием медикаментов и жалобы, что помогает отслеживать динамику. Физиотерапевты фиксируют прогресс в реабилитации, включая результаты тестов подвижности, планы ЛФК и реакции на процедуры. Совместная работа требует унифицированного подхода к документации: данные медсестры о побочных эффектах медикаментов или общем самочувствии

дополняют отчеты физиотерапевта о функциональных улучшениях. Современные электронные медицинские системы, такие как ЕМИАС, позволяют обеим профессиям вносить данные в реальном времени, минимизируя ошибки. Например, при реабилитации после инсульта медсестра фиксирует эпизоды головокружения, а физиотерапевт корректирует программу ЛФК на основе этих данных. Регулярные обсуждения на междисциплинарных

собраниях помогают уточнять планы лечения. Исследования показывают, что качественная документация снижает риск медицинских ошибок на 15%. Соблюдение конфиденциальности и этических норм при ведении записей также является общей задачей, укрепляющей доверие пациентов.

А. АЛКАМОВА,
медсестра Панфиловская ЦРБ,
Л. АУКЕНОВА,
медсестра Алакольская ЦРБ,
К. ДЖАРИМБЕТОВА,
врач-физиотерапевт городская
поликлиника г. Талдыкорган

ЗАҢ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢДЕРІ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында 2025–2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ каникул кезеңдерін нақтылады.

Оқу процесі 2025 жылғы 2 қыркүйекте басталып, 2026 жылғы 25 мамырда аяқталады. Білім күніне арналған салтанатты жиынның уақыты мен күні мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленеді.

БІРІНШІ тоқсанда оқу уақыты 8 апта. Күзгі каникул 2025 жылғы 27 қазанда басталып, 2 қарашаны қоса алғандағы 7 күнге созылады.

ЕКІНШІ тоқсан 8 оқу аптасынан тұрады. Қысқы каникул 2025

жылғы 29 желтоқсанда басталып, 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғандағы 10 күнге жалғасады.

Бірінші сынып оқушылары үшін қосымша демалыс 2026 жылғы 9 ақпаннан 15 ақпанды қоса алғандағы 7 күнді құрайды.

ҮШІНШІ тоқсан 10 оқу аптасынан тұрады. Көктемгі каникул 2026 жылғы 19 наурызда басталып, 29 наурызды қоса алғандағы 11 күнге созылады.

Төртінші тоқсанның ұзақтығы 8 оқу аптасын құрайды, оқу жылы 2026 жылғы 25 мамырда аяқталады.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми ақпарат ресурсы

ЕЛ ҚАМЫ ТҰРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ ДЕПУТАТ НАЗАРЫНДА

2025 жылғы 30 шілде күні Талдықорған қалалық мәслихатының №10 сайлау округінен сайланған депутаты Габдрахимова Алсу Фаритқызы «Жаңа Ғарышкер» шағын ауданының тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында абаттандыру, санитарлық жағдай және өзге де маңызды мәселелер көтерілді. Тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстар мен шағымдар бойынша тиісті түсіндірмелер беріліп, барлық мәселелер депутаттың назарына алынды.

«ҚАРАСОРА-2025»



ПОШТА ЖӨНЕЛТІЛІМДЕРІ ТЕКСЕРІЛДІ

Республикалық деңгейде өткізіліп жатқан «Қарасора-2025» жегел алдын алу іс-шарасы аясында Жетісу облысында есірткі құралдарының таралу арналарын анықтау мен жолын кесуге бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Полиция департаментінің Кинологиялық қызмет орталығы мамандарымен бірлесіп, «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде тексеру жүргізді. Іс-шара барысында қызметтік-іздістіру иттерінің көмегімен келіп түскен және жөнелтілгені жатқан пошта сәлемдемелері мұқият тексеріліп, тыйым салынған заттардың бар-жоғы анықталды.

Іс-шараның басты мақсаты – пошта арқылы есірткі тасымалдау фактілерінің алдын алу ғана емес, сондай-ақ азаматтарды есірткі айналымына қатысудың салдары тура-

лы хабардар ету. Түсіндіру жұмыстары барысында пошта қызметкерлері мен тұрғындарға есірткі заттарын сақтау, тасымалдау және тарату үшін қарастырылған қылмыстық жауапкершілік түсіндірілді.

«Қарасора-2025» аясындағы алдын алу шаралары өңірдегі өзге де мекемелерде, көлік тораптарында және қоғамдық орындарда жалғасын табады. Полицейлер әрбір азаматтың заң талаптарын сақтауына жауапты екенін ескертеді. Қоғамдық қауіпсіздіктің негізі – әрбір адамның қырағылығы мен құқық қорғау органдарымен тығыз ынтымақтастығында.

@zhetysu.police

СПОРТ СПОРТ ШЫҢЫНАН – ШЕКАРА ШЕБІНЕ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Шолақ» шекара бөлімшесінде радиоотелефоншы қатардағы жауынгер Фанур Исаев – өз ісіне жауапты, білікті шекарашылардың бірі.

Фанур Даниалович әскери қызметке дейін ауыр атлетикамен кәсіби түрде айналысып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған. Атап айтқанда, 2020 жылы жастар арасында Қазақстан рекордын жаңартып, 2022 жылы ел біріншілігінде – екінші, 2023 жылы Қазақстан, Азия және әлем чемпионаттарында бірінші орынға ие болып, еліміздің атын әлемге

танытқан. Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан жаттықтырушы болып еңбек етті. Қызметіне жауапты, тәжірибесі мол жас маман бола тұра, Отан алдындағы борышын өтеу үшін 2024 жылы өз еркімен ҚР ҰҚК Шекара қызметіне қабылданды.

Қазіргі таңда «Шолақ» шекара бөлімшесінде қатардағы жауынгер ретінде жауынгерлік дайындықта жоғары нәтиже көрсетіп, үздік радиотелефоншылардың қатарынан танылып жүр. Жеке құрам арасында беделді, физикалық дайындық бойынша жаттығулар ұйымдастыруда белсенділік танытып келеді.

Отбасылы. Жұбайы – Анастасия Исаева үй шаруасында. Қатардағы жауынгер Фанур Исаевтың үлгілі қызметі – өзгелерге өнеге.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ «КОРПОРАЦИЯ «ЖЕТЫСУГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті «Корпорация «Жетысугаз» акционерлік қоғамының қызметіне қатысты өтінішті қарады.

Өтінішті қарау нәтижесінде, аталған корпорацияның қызметінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуы белгілері анықталды. Атап айтқанда, корпорация сұйытылған мұнай газын баллонмен өткізу барысында тұтынушылар тобына байланысты әртүрлі бағаны қолданғаны белгілі болды.

Анықталған заң бұзушылықтар негізінде Департамент тарапынан «Корпорация «Жетысугаз» акционерлік қоғамына тиісті хабарлама жолданды. Қазіргі уақытта бұл хабарлама толық көлемде орындалды және баллондағы сұйытылған мұнай газы барлық тұтынушыларға бірдей бағада сатылуда.

ЗАКОН И ПОРЯДОК

НАРУШЕНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ВЫЯВЛЕНЫ В РАБОТЕ АО «КОРПОРАЦИЯ «ЖЕТЫСУГАЗ»

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу рассмотрено обращение касательно деятельности АО «Корпорация Жетысугаз».

По результатам рассмотрения обращения в деятельности корпорации выявлены признаки нарушения законодательства в области защиты конкуренции. В частности, установлено, что корпорацией применялись разные цены при реализации сжиженного нефтяного газа в баллонах, в зависимости от групп потребителей.

На основании выявленных нарушений Департаментом направлено соответствующее уведомление в АО «Корпорация Жетысугаз». В настоящее время уведомление исполнено в полном объеме, и сжиженный нефтяной газ в баллонах реализуется по одинаковой цене для всех потребителей.

КОНКУРС

«Парыз – 2025»

Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, местные исполнительные органы, Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан и Федерация профсоюзов Республики Казахстан (далее – организаторы) объявляют о начале проведения Республиканского конкурса по социальной ответственности бизнеса «Парыз» в 2025 году.

Конкурс направлен на формирование и повышение субъектами частного предпринимательства своей корпоративной социальной ответственности перед обществом для дальнейшего улучшения благосостояния населения. Участие в региональном и республиканском этапах конкурса является бесплатным. Итоги конкурса будут подвешены в конце года.

Конкурс проводится по 4 номинациям:

1) «Лучшее социально ответственное предприятие» (в данной номинации рассматривается деятельность претендентов, реализующих социальные программы, направленные на поддержку собственного персонала, участие в реализации социальных проектов региона, социальную адаптацию людей с ограниченными возможностями и улучшение благосостояния общества в целом (организация оплаты труда и социальных выплат, системы профессиональной подготовки и переподготовки кадров, трудоустройство наибольшего количества людей с ограниченными возможностями и т.д.);

2) «Лучшее предприятие в области охраны труда» (в данной номинации рассматривается деятельность претендентов, создающих условия труда, позволяющие сохранить здоровье работников в процессе трудовой деятельности);

3) «Лучший коллективный договор» (в данной номинации рассматриваются коллективные договоры, значительно улучшающие и укрепляющие трудовые и социальные права работников, предусмотренные законодательством Республики Казахстан);

4) «За вклад в экологию» (в данной номинации рассматривается деятельность претендентов, значительно отличившихся в реализации природоохранных (экологических) программ, направленных на улучшение состояния окружающей среды).

Также в конкурсе учреждается специальная премия – «Лучший социальный проект года». В данной специальной премии рассматриваются социальные проекты, реализуемые бизнесом, способствующие занятости и (или) улучшению условий жизни социально-уязвимых и малообеспеченных слоев населения.

Документы на участие в конкурсе принимаются до 10 августа 2025 года. В связи с этим, приглашаем всех работодателей и предпринимателей города Талдықорған принять участие в данном конкурсе.

Для получения более подробной информации о правилах и порядке участия в конкурсе «Парыз-2025» необходимо обратиться в ГУ «Отдел координации занятости и социальных программ г. Талдықорған» по адресу: г. Талдықорған, проспект Н.Назарбаева, 35 а. Телефон для справок: 8 7718477977.

ПРИЛОЖЕНИЕ
к Правилам проведения
конкурса по социальной
ответственности бизнеса
«Парыз», утвержденным
Указом Президента
Республики Казахстан
от 23 января 2008 года №523

Заявка участника конкурса по социальной ответственности бизнеса «Парыз»

Регистрационный номер _____
1. Наименование юридического (физического) лица _____
БИН/ИИН _____
Адрес по месту регистрации _____
Адрес по месту нахождения _____
2. Руководитель организации _____
фамилия, имя, отчество при наличии) _____
ИИН (номер паспорта для иностранного гражданина) _____
3. Контактные телефоны (телефоны), адрес электронной почты и номер факса) _____
4. Документы представлены на номинацию (подчеркнуть):
«Лучшее социально ответственное предприятие»;
«Лучшее предприятие в области охраны труда»;
«Лучший коллективный договор»;
«За вклад в экологию».
5. Субъект крупного, среднего, малого предпринимательства (подчеркнуть)
6. Отрасль _____
7. Количество работников _____
8. Краткая характеристика о деятельности юридического (физического) лица (чем занимается)
9. Полученные награды юридическим (физическим) лицом
10. К заявке приложены анкета и приложения на _____ листах
11. Представленные материалы и показатели достоверны
Подпись _____
Дата _____

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №795 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.